

**BULLETIN OF NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES  
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN**

ISSN 1991-3494

Volume 5, Number 363 (2016), 241 – 245

**G. T. Zhoraeva**

Kh. A. Yasavi International Kazakh-Turkish University, Turkestan, Kazakhstan

**ROLE OF TATAR INTELLIGENTSIA  
IN CREATING MUSLIM STATE  
IN THE EARLY XX CENTURY**

**Abstract.** In this article the author examined the role of representatives of the Tatar intelligentsia on creating a single Muslim country. In order to achieve the goal, the intelligentsia turned ideas of Turkism as a program of ideal state. Although at the beginning of the last century, when the problem of nation-state structure was determined, the consolidation of all Turkic peoples became clearly visible.

**Keywords:** Tatar, intelligentsia, idea of Turkism, Muslim, government.

ӘӨЖ 94 (4/9)

**Г. Т. Жораева**

К. А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан, Қазақстан

**ХХ ФАСЫРДЫҢ БАСЫНДА МҰСЫЛМАН МЕМЛЕКЕТІН  
ҚҰРУДАҒЫ ТАТАР ИНТЕЛЛИГЕНЦИЯСЫНЫң РӨЛІ**

**Аннотация.** Макалада автор татар зиялы өкілдерінің біртұтас мұсылман мемлекетін құрудады рөлін қарастырған. Аталмыш ұлттың интеллигенциялары түркішілдік идеясын мемлекеттің эталонды бағдарламасының негізіне айналдырыды. Сонымен қатар өткен ғасырдың басында ұлттық-мемлекеттік құрылым мәселелері айқындалып жатқанда барлық түркі тілдес халықтардың консолидациясы айқын көрініп тұрды.

**Түйін сөздер:** татар, интелигенция, түркішілдік идеясы, мұсылман, үкімет.

Қазан революциясының жеңісімен байланысты ұлттық проблемалар, бірінші кезекте ұлттық-мемлекеттік құрылым мәселелері өткірірек талқылана бастады. Большевиктік ұйымдар, Қазақстан мен Түркістан Кеңестері өздерінің бүкілқазақтық және бүкілтуркістандық съездерін шақыруға әзірлене бастады. Кеңестердің бүкілқазақтық съезін шақыруға дайындық жұмыстары өлкеде кеңес өкіметін нығайту процесімен қат-қабат жүріп жатты. Іс жүзінде бұл кеңес өкіметін нығайту жолындағы курес, сонымен бірге, кеңестік мемлекеттіліктің қалыптасуы жолындағы курес дегенді билдіреді.

Татар азаматтары да Қазан төңкерісінің негізгі мақсатын түсінбеді. Сондықтан, бұл төңкеріске аса қуана да қоймады. Төңкерісті қолдаушылар үкімет тарапынан қысымшылық көргендер мен төмснігі тап өкілдері болғандығын атап өтуіміз керек. Қазан революциясынан көп бұрын-ақ қазақ-либералдық-демократиялық қозғалысының жетекшілері Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық және саяси дамуына байланысты өздерінің бағдарламалы көзқарастарын кеңінен насиҳаттаған болатын [1, 308-б.].

Татар зияллылары мен жастары Уақытша үкімет пен депутаттар кеңесінің құрамында да болған. Олар жергілікті тұрғындармен бірлесе кеңес өкіметін құруга белсene араласып, азамат соғысы жылдарында ақ гвардияшыларға қарсы курескен революционерлер етене араласты. Солардың бірі Сабыржан Farapshauly Fabbasov.

Сабыржан 1879 жылы әкесі Фарапша ашқан Сергиополь (Аягөз) қаласындағы медреседе білім алдып, 1905 жылы білім жолына түсken жастармен бірге Қазан қаласына келіп, 1912 жылға дейін осы қалада оқиды. Осы жылдары Сабыржан марксистік үйрмелерге қатысып, революциялық идеялармен қаруланды. Оның кейіннен танымал революционер болуына большевик Құсайын Ямашев үлкен әсер еткен. Қазандық жылдар Сабыржанның азаматтық көзқарасының қалыптасуына әсер етті [2].

С. Фаббасов татар және қазақ зиялыштарының арасында бұрыннан қалыптасқан өзара ағайындық дәстүрді одан әрі нығайтуға үлес қосты. 1912 жылы ол туған жеріне қайта оралып, мектепте мұғалімдікке кіреді. Бұл жылдар аралығында ол қазақ және татар тілдерінде шығып тұрған “Айқап” журналы мен “Уақыт” газетіне оқу-ағарту мәселесіне арналған бірнеше мақалалар жариялады. “Айқап” журналының өзіне қазақтардың шаруашылығы, мәдени өмірі, тарихы турасында 15-ке жуық мақаланы жариялаган. Сабыржан кейіннен “Алаш” газеті мен “Үш жұз” партиясын құрған Көлбай Төгісовпен және қазақтың Е. Маманов сияқты белді азаматымен қарым-қатынаста болып, солар турасында аталмыш газет-журналдарға мақала жазған. Бірінші дүниежүзілік соғыс басталысымен С. Фаббасов әскери қызметке алынады. Әскер қатарында унтер-офицер шенінде фельдшер болып қызмет етеді. Алайда, ол 1915 жылы әскерлер арасында революциялық пигылдағы үгіт-насихат жүргізгені үшін патша үкіметінің тарапынан айыпталуына байланысты әскерден қашып, Бішкек, Әулиеата, Шымкент қалаларын паналайды. Кейін Кавказға өтіп кетеді. Ол 1916 жылы қайтадан Верный қаласына оралып, мұнда газет-журналдарға “Аягузи” деген лақап атпен мақалалалар жариялат тұрады [3, 93-б.]. Осы жылдың күздінде Сабыржан Қазанға бара жатқан жерінде ұсталып, абақтыға қамалады. Абақтыдан тек 1917 жылы Ақпан революциясы жен-геннен кейін босатылып, революциялық құреспеке белсене кіріседі. Ол “Мұсылман комитетінің” әрекетіне қарсы шыққан. С. Фаббасов Сергиопольде (Аягөз) кеңес өкіметін орнатуда ұйымдастыруышы болып, ақ әскерлеріне қарсы құресуде орыс, қазақ, татарлардан тұратын партизандық отряд құрды.

Петропавлдағы кеңес өкіметін орнатуға қатысқан татар азаматтарының бірі - Кәрім Рахымұлы Сүтішев болды. Ол Троицкідегі медреседе оқып жүргеннің өзінде F. Тоқайдың өлеңдерін жатқа біліп, революциялық пигылда жазылған әдебиеттерді оқыған. Молдаға қарсы шыққаны үшін медреседен шығарылады. Петропавл қаласына келіп, астыртын большевиктер ұйымына қосылып, патша үкімет саясатына қарсы үгіт-насихат жұмыстарын жүргізді. Ол байлардың тауарларды көтерінкі бағамен сататының әшкереу мақсатында қолдан жасалынған паракшалар шығарудан бастап, патшаны құлатуға шақырған жасырын кітаптарды татар тіліне аударып, оларды Омбы, Атбасар, Троицкі, Көкшетау қалаларына жеткізуге демократтар ұйымдастырғанға дейінгі революциялық жұмыстардың берін де атқарды. Сол бір реакция жылдарында кейбір большевиктер құғын-сүргінге ұшырауына қарамастан, татар және қазақ интеллигенциясын социалистік-демократиялық үйрмелерге тоғыстырды [4].

1917 жылғы революциядан бұрын Петропавл мен барлық Ақмола губерниясында екі ғана ірі социал-демократиялық және социал-революционерлердің ұйымдары бар еді. Социал-демократиялық ұйымның белсененді Дубынин, Казачков, Зайкиндердің қатарында Кәрім Сүтішев те болды. Ұйым мүшелері түрлі қызметтерді атқарды. Мәселен, И. Дубынин интеллигенция арасында, З. Казачков теміржолшылар, Кәрім Сүтішев жүк түсірушілер мен арбакештердің және жастар арасында революциялық үгіт-насихат жұмыстарын жүргізді.

Петропавлда депутаттар кеңесі құрылған кезде інісі Хамитпен бірге сол кеңестің құрамына сайланды. Депутаттар кеңесінің Атқару комитеті Хамит Сүтішевке “бұратаналар комитетін” және “мұсылман комитетін” құруды тапсырды. Комитеттерді құруға бірнеше татар жастары белсене кірісken. Хамит Сүтішев өзінің естелігінде комитет ісін құруға Сүтішев, Шагиев, Ыдырысов, Әбубакіровтардың қатысқандығын атап өткен [5, с.162].

Комитеттерді құру барысында К. Сүтішев және X. Базарбаевтың бастамасымен жиyrма бес адам қатысқан мәжіліс өткізіліп, онда саяси бағдарлама қабылдау және уақытша “мұсылман комитетінің” құрамына кандидаттар сайлау мәселелері қарастырылды. Бірінші мәселе бойынша бірден социал-демократтар мен социал-революционерлердің бағдарламалары ұсынылды. Алайда, мұсылмандарға бірігуді қажет ететін бағдарламалар қажет деген негізбен екі бағдарлама да қабылданбады.

Депутаттар кеңесінің екінші мәжілісі аталмыш екі мәселені тағы да қарастырды. Бұл жолы да бірінші мәжілістегідей саяси бағдарламалар қабылданбады. Мұсылман комитетінің бағдарламасын

жасау үшін арнайы комиссия құрылып, оның құрамына Шагиев, Құрманғалиев, Фалиев, Максұтов және ағайынды Сүтішевтер енді. Мұсылман комитетінің құрамын сайлау барысында бірнеше қызыншылықтар туды. Өйткені, мұсылмандар арасында Уақытша үкіметке бағыну қажет пе деген мәселе төнірегінде қызу айтыс-тартыстар болып жатқан еді. Мұсылман комитеті Мәскеудегі мұсылмандардың орталық комитетіне жүгінуге бел буды. Орталық комитет қандай жағдай болса да, сондай-ақ табына қарамай барлық мұсылмандарды біріктіру қажеттігі жөнінде кеңес берді.

1917 жылдың тамызында К. Сүтішев Том қаласына оқуга кетіп, Петропавлға Атқару комитеттің шақыртуымен тек 1918 жылдың ақпанында қайтып оралады. Алайда, контрреволюциялық төңкеріс кезінде ол қамауға алынады. Татар Резеп Қасымов 300-дей жук тасмалдаушылар мен арбакештерді ұйымдастырып, Қарімді қамаудан босатуды талап еткеннен кейін ол босатылады. Бұл уақытта мұсылман комитеті татартылып, оның орнына “Милле Шара” атты татарлардың ұйымы құрылады. Бұл ұйым маңайына көпшілік мұсылман кедейлерін тарта білді [5, с.170-171].

Петропавлдың жұмысшылары мен солдаттары 1917 жылдың күз бойы үкімет билігін қолға алу жолында белсенді дайындықтар жүргізді. Осы жылдың 4 қазанында большевиктер И. Дубынин, К. Сүтішев және басқалар консерві зауытының жұмысшылары арасында, темір жол депосында, 33-ші запастағы атқыштар полкінің солдаттары арасында кеңес өкіметтің колдау жөнінде үгіт-насихат жұмыстарын жүргізді. Ал 18 қазанда Петропавл большевиктері Петроградқа II Бүкілрессейлік съезге кеткен депутатқа “білікті жұмысшы, солдат және шаруалар депутаттар кеңесінің қолына көшіру” шешіміне дауыс беруі турасында телеграфтық хат жолдады [6, с.149]. Қарім Сүтішев 1918 жылдың 30 мамырында чехословак әскерлерінің қолынан қаза тапты.

1917 жылдың аяғында Жетісуда ақғвардияшылар мен депутаттар кеңесін жақтаушылар арасында Құрылтай жиналышына сайлау жолында үлкен тартыска түсті. Татар зиялышылары мен жастары Уақытша үкіметтің құрамына мүше болып, елдегі болып жатқан саяси жағдайды тыныштандыруға кірісken болатын.

1917 жылы Жетісудің уақытша атқару комитетінің құрамында татар Біләл Хисамуттинов болып, осы жерде кеңес өкіметтің түпкілікті орнауына елеулі үлес қосты. Біләл Қазан губерниясында 1874 жылы дүниеге келген еді. 1895 жылы Троицкідегі “Мұхамедия” медресесін бітіргеннен кейін Торғай облысының Қостанай уезінің мектебіне мұғалім болып келіп, ол жерде 1902 жылға дейін бала оқытады. Ал 1903-1905 жылдар аралығында Ташкент пен Верный қалаларында жеке сауда үйінің есепшісі болады. Алғашқы орыс революциясы жылдарында қайтадан оқытушылық қызметке оралып, орыс-түзем мектебінде сабак береді. 1906-1907 жылы ол жеке фирманиң бухгалтері, ал 1907 жылдан 1916 жылға дейін мектеп мұғалімі болады. 1914 жылы дүниежүзілік соғыс басталған кезде ағасы Миннікаймен бірге 1916 жылы майданға кетіп, тек қатты жарақат алуына байланысты 1916 жылы Верный қаласына оралған болатын. Біләл 1917 жылғы революцияны қуанышпен қарсы алды. Ол Верныйдағы атқару комитетінде қызметте жүріп, аса көзге түсken соң Жетісү Әскер-Революциялық комитетіне сыйланып, онда ағарту және зан істерімен айналысады. М. Хисамуттинов Дағын Фурмановпен жақсы таныс болған. Аз ұлттардың митингілерінде, жиналыштарда Дағын Фурманов оны тілмаш ретінде ертіп жүрген. Оның өмірі 1937 жылы “халық жауы” ретінде үзілді [7, с.15-17].

Бүкілрессейлік құрылтай жиналышына сайлау кезінде “Шурии-улема” ұйымы “Шурии-ислам” ұйымымен бірлесе депутаттыққа кандидаттар беруден бас тартқан болатын. Олар 1917 жылдың 2 казанда Түркістан қаласында Сырдария облысы мұсылмандарының сиезін өткізіп, онда Құрылтай жиналышына өз аттарынан депутаттыққа кандидаттар тізімін жасады. Бұл тізімнің ішінде татарлар да болды. Атап айтсақ, тізімдегі 14 адамның ішінде С. Лапин, С. Махмұдқожа, С. Алда-бергенов, С. Нұрмұхамедов, Садық қожа ишан, Х. Ибрагимов, Т. Фалым, О. Мерейов, М. Мабирхан, Ә. Топышыбашев, Қ. Әндишев, С. Юсупов, С. Наргелов, Ф. Махдум бар еді [8, 47-48-66.]. Бұл ұйым С. Лапинды Бүкілрессейлік құрылтай жиналышына сайлаپ, Түркістан штатының конституациясын дайындағы.

Қазақстанда Құрылтай жиналышына депутаттар сайлау негізінен белгіленген мерзімде қараша айының 12-18-і аралығында өтті. Сайлау тек қана Жетісү мен Сырдария облыстарында осы мерзімнен кешірек жүргізілді. Осыған дейін барлық партиялар мен саяси ұйымдар өз кандидатураларын ұсынып, қажетті дайындық жұмыстарын жүргізіп үлгерген болатын. Сайлау науқанына түрлі саяси партиялар, қоғамдық бірлестіктер, сонымен қатар көптеген ұлттар өкілдері өз алдына бөлек

бағдарламалар түзіп атсалысты. Татар зияллылары да бұл Құрылтай жиналысының сайлау барысына белсенділік танытты.

Бұл сайлау бұрынғы Ресей империясы аймағындағы алғашқы демократиялық сайлау еді. Сайлау жалпыға бірдей, тең, төте және құпия түрде болды. Сайлау алты округтің бeseуінде пропорционалды, ал Орда округінде мажоритарлы жүйе бойынша жүргізді. Бұл сайлаудың әділ түрде өтуіне өлкедегі барлық қоғамдық ұйымдар мен саяси партиялар мүдделі болды. Қоғамдық ұйымдардың мүшелері арасында татар ұлт өкілдерінің барлығы бізге белгілі. Қараша айларында Қокан, Ташкент, Түркістанда жиналыс, съездер өткізіліп, билік кімнің қолына көшу керек деген мәселе төнірегінде қызу тартыс болды. Мәселен, 1917 жылдың 15-22 қараша аралығында Түркістанда болған мұсылмандардың өлкелік 3-ші съезіндегі Халық комиссарлар кенесі қолына өту керектігі жөніндегі шешімге С. Лапин бастаған “Шурои-ислам” ұйымы барынша қарсылық танытып бақты. Х.Ш. Иноятов көрсеткендегі, С. Лапин 25 қарашада “Свободный Самаркан” газетінде жарияланған мұсылман съезінің резолюциясын оқып, мұсылмандардың мұсылмандар қандай да бір топтың үкімет билігін басып алу әрекеттеріне келіспейтіндігін және мойындағының білдірді [9, с.218].

Татар зияллылары тұтас мұсылман мемлекетін құру идеясын қолдады. Мәселен, татар зияллысы С. Алкин бұл турадагы ойын былайша білдірген еді: “Біз түріктердің біріккеніне, мұсылмандардың біріккеніне қарсы емеспіз, бірақ біз оларға өздерінің күшті мәдениетімен, мықты ұлттық ұлттымен, әдет-ғұрыпымен енуді қолдаймыз”. Мұндай пікірді татар лидерлері ғана емес, башқұрттар да қолдады [10, с.75].

1917 жылы 5-13 желтоқсан аралығында Орынборда екінші жалпықазақ съезі болып, 80-ге жуық депутаттар бас қосты. Бұл съезге башқұрт өкілдерінің атынан Ахмед-Зәки Валидов пен жергілікті мұсылмандық әскери Шураның делегаты прaporщик Баширов, “Жаңа уақыт” газетінің бас жазушысы Фатих Кәрімов, Орынбор әскери шебінен Т. Седельников және т.б. құрметті қонақтар шақырылды. Аталмыш зияллылар съездің ашылуын құттықтап, қазақ халқын бірлікте болуын үндеді.

Бұл екінші жалпықазақ съезінде дін мәселесін қарастырган кезде мұсылман дініне ортақ істер татар қазыларымен және мұфтиймен бірге қару турасында қаулы қабылданса, ал 20-25 тамызда Ақтөбе қаласында болған Торғай облыстық екінші қазақ съезінде Қазанда қыншылыққа ұшырағандарға жәрдем мәселесі көтеріліп, съезге катысушылар 418 сом ақша жинап, мұсылман кенесінә жіберу мәселесін қолға алды [11, 408-409-66.].

1917 жылғы 7-15 желтоқсан аралығында Том қаласында төтенше жалпысібірлік съезд өткізіліп, оған Ә. Бекейханов бастаған тоғыз адамнан қазақ делегациясы қатынасты. Бұл съезде Г.Н. Потанин басқарған Сібір үкіметі құрылып, сібір мұсылмандарының атынан Ә. Ермеков пен татар Ы. Нығматуллин Сібір үкіметі кенесінә сайланады. К. Нұрпейісов көрсеткендегі, Сібір облыстың кенесі екінші жалпықазақ съезінің Алашорданы құру туралы шешімін қолдап, Кенес өкіметін мойындау жөнінде қаулы қабылдады [12, 143-б.].

11 желтоқсанда екінші жалпықазақ съезі “Қырғыз (қазақ) федерациясын” құру турасында шешім қабылдаған болатын. Сондай-ақ, “Қазақ (Алаш) автономиясы” да құрылып, оның орталық комитетіне Ә. Бекейханов басқарған 15 мүшесі сайланады.

Екінші жалпықазақ съезінен катарап Орынборда 8-20 желтоқсан аралығында Башқұртстанның 3-ші облыстық құрылтайы өтіп, оған 223 делегат қатысты. Құрылтайға қатыскандардың арасында татар, орыс және тағы басқа ұлт өкілдері де болды. Бұл Құрылтай жиналысында Башқұрт автономиясын құру мәселесі қойылып, осы төніректе екі топ арасында тартыс болды.

Мұсылман қозғалысына қатыскан кейбір татар және қазақ қайраткерлері зияллылар тарпынан қолдау таппагандықтан шетелге кетуге мәжбүр болды. Алайда, олар эмиграцияда жүрсе де Ресейдегі түркі-мұсылман халықтарының азаттық қозғалыс қайраткерлерімен астыртын байланыс орнатуға тырысып бақты. Түркішлік идеясын насиҳаттап, біртұтас мұсылман мемлекетін құруды қөздейген татар зияллыларының көшпілігі кенес өкіметі орнағаннан кейін оның түрлі салаларында қызмет етті. Қазақстан территориясында мекендейген татар ұлт өкілдері қазақ халқымен бірлесе отырып, патша үкіметінің отарлық саясатына қарсы шықты. Олардың алдынғы қатарлы өкілдері үгіт-насиҳат жұмыстарын жүргізіп, қазақ зияллыларына дін, тіл жолында күресте ниеттес болды.

---

**ӘДЕБИЕТ**

- [1] Қазақстан тарихы көне заманнан бүтінге дейін. (Очерк). -Алматы: Дәуір, 1994. -448 б.
- [2] Қойгелдиев М. Жалынды гұмыр // Социалистік Қазақстан, 1989. -27 желтоқсан. -№ 297.
- [3] Қазақстан. Ұлттық Энциклопедия. -Т.3. -А., 2001. -720 б.
- [4] Бюллетень Семипалатинского областного исполнительного комитета. - 1917. -18 марта.
- [5] В огне революции (Воспоминания участников Великой Октябрьской социалистической революции и гражданской войны в Казахстане). -Алма-Ата, 1957. -304 с.
- [6] Пахмурный П., Григорьев И. Октябрь в Казахстане: (из опыта партийного руководства борьбой масс за победу Октябрьской революции в Казахстане). -Алма-Ата: Казахстан, 1978. -224 с.
- [7] Страницы трагических судеб. Сборник воспоминаний жертв политических репрессий в СССР в 1920-1950-е гг. - Алматы: Жеті жарғы, 2002. -348 с.
- [8] Рустемов С. "Шурои-улема" үйымының құрылуы мен қызметі // Қазақ тарихы, 2004. -№ 6. -47-53-бб.
- [9] Иноятов Х.П. Победа Советской власти в Туркестане. -Москва: Мысль, 1978. -364 с.
- [10] Исхаков С.М. Российские мусульмане и революция (весна 1917 г. - лето 1918 г.). -Москва, 2003.
- [11] Алаш қозгалысы. Құжаттар мен материалдар жинағы. Сәуір 1901 ж. -желтоқсан 1917 ж. -Алматы: Алаш, 2004. - Т.1. -552 б.
- [12] Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. -Алматы: Ататек, 1995. -256 б.

**REFERENCES**

- [1] Kazakhstan tarihy kene zamannan byginge deyin. (Feature article). -Almaty: Dəuir, 1994. -448 b.
- [2] Қойгелдиев М. Zhalyndy rymyr // Sotsialistik Kazakhstan, 1989. -27 zheltoqsan. -№ 297.
- [3] Kazakhstan. Ulttyk Encyclopedia. -T.3. -A., 2001. -720 b.
- [4] Bulletin of the Semipalatinsk oblast executive committee. - 1917 -18 March.
- [5] In the heat of the revolution (Memories of the Great October Socialist Revolution and the Civil War in Kazakhstan). - Alma-Ata, 1957. -304 p.
- [6] Pahmurny P., I. Grigoriev October in Kazakhstan: (from the experience of the party leadership struggle of the masses for the victory of the October Revolution in Kazakhstan). -Alma-Ata, Kazakhstan, 1978. -224 p.
- [7] Pages tragic fates. Collection of memories of the victims of political repression in the USSR in 1920-1950-ies. -Almaty: Zheti Zhargy, 2002. -348 p.
- [8] Rystemov S. "Shuro-Ulema" үйүтүпнүң қырlyу changed қызмети // Kazakh Tarihi, 2004. -№ 6. -47-53-bb.
- [9] Inoyatov Kh.Sh. The victory of Soviet power in Turkestan. -Moscow: Thought, 1978. -364 p.
- [10] Iskhakov SM Russian Muslims and the Revolution (Spring 1917 - Summer 1918). -Moscow 2003.
- [11] Alash қозралысы. Құzhattar changed Materialdary zhinary. April 1901 w. -zheltoqsan 1917 w. -Almaty: Alash, 2004. - Т.1. -552 B.
- [12] K. Nұrpeyisov Alash һәм Alashorda. -Almaty: Atatek, 1995. -256 b.

**Г. Т. Жораева**

Международный казахско-турецкий университет им. К. А. Ясави, Туркестан, Казахстан

**РОЛЬ ТАТАРСКОЙ ИНТЕЛЛИГЕНЦИИ В СОЗДАНИИ МУСУЛЬМАНСКОГО ГОСУДАРСТВА  
В НАЧАЛЕ XX ВЕКА**

**Аннотация.** В статье автор рассматривал роли представители татарской интеллигенции о создании единой мусульманской страны. Для достижения цели интеллигенция превратила идеи тюрканизма как эталонная программа государства. Также в начале прошлого столетия, когда определились проблемы национально-государственного строения была четко видна консолидация всех тюркских народов.

**Ключевые слова:** татары, интеллигенция, идея тюрканизма, мусульман, правительство.

**Сведения об авторе:**

Жораева Г.Т. – Қ. А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің доценті, тарих ғылымдарының кандидаты